



**2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
бағдарламасын іске асыру мақсатында 2022-2023 оқу жылында өткізілетін
іс - шаралар жоспары**

№	Іс - шара атауы	мерзімі	жауаптылар	Орында луы
1	Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарын түзу	қыркүйек	ДТІЖО Тельгозина А.У.	
2	Мектеп ұжымын 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасымен таныстыру	қазан	Габдуллина З.З.	
3	Мектепте "Сенім жәшігі" және "Сенім телефоның" қызметі туралы оқушыларға, ата-аналарға, ұжымға түсіндіру жұмыстарын жүргізу	үнемі	Тельгозина А.У.	
4	"Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" атты жоғары сынып оқушыларымен акция өткізу	6 желтоқсан	Мамутова Г:Ж.	
5	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органдарымен кездесу	желтоқсан	Тельгозина А.У.	
6	Мектеп оқушыларынан, ата-аналардан, ұжымнан "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында анонимді сауалнама алу	қаңтар	ДТІЖО Тельгозина А.У.	
7	Барлық сыныптарда "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу - баршамызға ортақ міндет" тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу	Кестеге сай	Сынып жетекшілер	
8	8-9 сынып оқушыларымен "Қылмыс пен жаза" атты дөңгелек үстел өткізу	ақпан	"Жасұлан" ұйымы	
9	Өткізілген іс - шаралар туралы БАҚ-на мақала жариялау	Жоспарға сай	Жауаптылар	
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспарының орындалуының қорытындысын директор жанындағы мәжілісте қарау	наурыз	ДТІЖО	

ДТІЖО:  Тельгозина А.У.

**Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде мекеме қызметкерлерін қамти
отырып өткен жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Күні: 07.10.2022
Қатысқан адамдар саны: 64

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бағдарламасымен таныстыру.
2. «Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»

Тыңдалды:

Тарих пәнінің мұғалімі Габдуллина З.З. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген.

Осы бір елімізде қабылданған маңызды құжат Ағымдағы ахуалға талдау жасайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үрдістер, шешімін талап ететін проблемалар, сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар зерделенген, мақсат және міндеттер айқындалған.

Осы құжатпен түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар, мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғамдық бақылау институтын енгізу, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жүйесін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту, стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау әдістері жан-жақты қамтылып отыр.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне өз қызметінде стратегияны басшылыққа алу және оны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау тапсырылған.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Құрметті қызметкерлер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімен жетуге тырысындар деп өз сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Исмаилова Ч.С. сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:
 - 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
 - 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт орындалуы басты назарға алынсын.

Хатшы



Мамашева Г.

Төлеби ауданы адами әлеутті дамыту бөліміне қарасты Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінің 9-сынып жетекшісі Толаметова З.Х. "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, Ата заңды құрметтеу, әділдікке және адамгершілікке тәрбиелеу.



Төлеби ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің 16.05.2023 жылғы №229-18/07-04/1420 хатына сәйкес, Жеңіс жалпы орта білім беретін мектебінде 4, 9, 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен «Заңсыз алымдарға тыйым салу туралы» №176-п бұйрығымен таныстыру мақсатында жиналыс өткізілді. Аталған бұйрыққа сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша заңсыз алымдарға қатаң тыйым салынады.

2022-2023 оқу жылындағы соңғы қоңырау мерекесін ұйымдастыруда мектеп қажеттіліктеріне, мерекелік іс-шараларға, мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге сыйлық алуға, және бітіруші 4,9,11 сыныптар қаражат жинауға, қорытынды аттестаттау кезінде мерекелік дастархан ұйымдастыруға, мереке күні көлік мініп серуендеуге, мектеппен қоштасу кешін ұйымдастыруға қатаң түрде тыйым салынатындығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры Ә.Л.Дүйсенбеков жоғарыда айтылған талаптардың орындалуын қадағалауды ескертті

